

6. Severino-González P., Acuña-Moraga O., Miranda-Navarro L., Zurita-Uteau A., Silva-Bravo C., Dote-Pardo J., Rebolledo-Aburto G., Núñez-Acevedo E., Romero-Argueta J. University social responsibility and sustainable development goals: challenges and opportunities from the perspective of students from a Catholic university // *Interiencia*. - 2025. - Vol. 50, №1. - P. 47-54.
7. Börü N. The effects of service learning and volunteerism activities on university students in Turkey // *Journal of Education and Training Studies*. - 2017. - Vol. 5, №6. - P. 146-166. - DOI: <https://doi.org/10.11114/jets.v5i6.2405>
8. Koç S. The impact of social responsibility activities on gaining values // *The Journal of Near East University Islamic Research Center*. - 2024. - Vol. 10, №2. - P. 349-372. - DOI: <https://doi.org/10.32955/neu.istem.2024.10.2.01>
9. Lin S., Ngai G., Kwan K.P., Chan S.C.F., Lo K.W.K. The impact of mandatory academic service-learning on university graduates' continual civic engagement: evidence from a curriculum reform // *Higher Education Research & Development*. - 2025. - P. 1-15. - DOI: <https://doi.org/10.1080/07294360.2025.2467901>
10. Celio C.I., Durlak J., Dymnicki A. A meta-analysis of the impact of service-learning on students // *Journal of Experiential Education*. - 2011. - Vol. 34, №2. - P. 164-181. - DOI: <https://doi.org/10.1177/105382591103400205>
11. Hu J., Zhang T., Wang H., Chen Z., Liu L. Intention patterns predicting college students' volunteer service participation // *Heliyon*. - 2023. - Vol.9, №11. - Article number: e21897. - DOI: <https://doi.org/10.1016/j.heliyon.2023.e21897>
12. Fonseca I., Bernate J., Betancourt M., Barón B., Cobo J. Developing Social Responsibility in University Students // *Proceedings of the 2019 11th International Conference on Education Technology and Computers*. - 2019. - P. 215-218. - DOI: <https://doi.org/10.1145/3369255.3369275>
13. Compare C., Rivero C., Vargas Moniz M. J., Albanesi C. Autonomy, competence, and relatedness: unpacking faculty motivation in service-learning // *Higher Education Research & Development*. - 2024. - Vol. 43, №6. - P. 1210-1226. - DOI: <https://doi.org/10.1080/07294360.2024.2325152>
14. Ayala-Rodríguez N., Barreto I., Rozas Ossandón G., Castro A., Moreno S. Social transcultural representations about the concept of university social responsibility // *Studies in Higher Education*. - 2019. - Vol. 44, No. 2. - P. 245-259. - DOI: <https://doi.org/10.1080/03075079.2017.1359248>
15. Haski-Leventhal, D., Paull, M., Young, S., MacCallum, J., Holmes, K., Omari, M., Scott, R., & Alony, I. The Multidimensional Benefits of University Student Volunteering: Psychological Contract, Expectations, and Outcomes // *Nonprofit and Voluntary Sector Quarterly*. - 2019. - Vol.49, No.1. - P. 113-133. - DOI: <https://doi.org/10.1177/0899764019863108>
16. He X., Zhang H., Hu Z., Han Y. Mediating role of self-efficacy and moral identity in volunteer service and public service motivation among Chinese college students // *Scientific Reports*. - 2025. - Vol. 15. - Article number: 10676. - DOI: <https://doi.org/10.1038/s41598-025-95266-6>
17. Brudney J.L., Gazley B. Moving ahead or falling behind? Volunteer promotion and data collection // *Nonprofit Management and Leadership*. - 2006. - Vol. 16, No. 3. - P. 259-276. - DOI: <https://doi.org/10.1002/nml.106>
18. Urdan, T., Kaplan, A. The origins, evolution, and future directions of achievement goal theory // *Contemporary Educational Psychology*. - 2020. - Vol.61. - Article number: 101862. - DOI: <https://doi.org/10.1016/j.cedpsych.2020.101862>

МРНТИ 14.35.09

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.88.4.006>

С.Б.Қоянбекова,^{1*} Ж.М.Бектұрғанова,² А.У.Джамамбетова³

¹Алматы технологиялық университеті, Алматы қ., Қазақстан

²Нархоз Университеті, Алматы қ., Қазақстан

³Л.Н.Гумилёв атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан

СИНЕРГЕТИКАЛЫҚ МОДЕЛЬ: ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУДА ПӘНАРАЛЫҚ КОНСОЛИДАЦИЯЛАУ ПАРАДИГМАЛАРЫН ТАЛДАУ АРҚЫЛЫ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Мақалада жоғары оқу орындары білім траекториясында интеграциялық оқытудың инновациялық парадигма-сындағы синергетикалық аспект қарастырылады. Синергетикалық білім мазмұны – пәнаралық сипаттағы оқу мәтіндері арқылы жүзеге асатын оқыту моделінің басты шарты ретінде түсіндіріледі, сондықтан мәтінді танудағы пәндердің мәніне талдау жасалады. Синергетиканың бейкальпыттылық, бейсызықтық, ашықтық ұстанымдарына сүйене отырып, қазақ тілін оқытудың синергетикалық моделі және оны жүзеге асырудың шарттары ұсынылады, синергетика қазіргі білім берудің жаңа парадигмасы ретінде жүйеленеді. Зерттеудің мақсаты – қазақ тілі экспрессивтік стилистикасын пәнаралық консолидациялау және интеграциялық оқытудың синергетикалық

моделінің теориялық және практикалық негіздерін айқындау, ол үшін пәнаралық мазмұндағы мәтіндер арқылы тілді оқыту тәжірибесі жүйеленді. Мазмұндық талдау, салыстырмалы әдіс, сауалнама, эксперимент, педагогикалық бақылау синергетикалық модельдің ұтымдылығын және білім беру үдерісіндегі инновациялық тәсілдердің негізділігін көрсетті. Зерттеу нәтижесінде білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, тілдік білімді тереңдетуге, функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған тиімді модель ұсынылды. Цифрлық ресурстар мен BilimLand, Daryn Online платформаларын пайдалану оқыту үдерісін белсендіреді, интерактивті мүмкіндіктерді кеңейтеді. Синергетикалық әдістер білім алушылардың когнитивтік, эмоционалдық, коммуникативтік қабілеттерін кешенді дамытып, экспрессивтілікке негізделген пәнаралық тілдік білім мәселе қоя білу, шешім қабылдау, логикалық және сыни ойлауды жүйелендіреді. Сонымен қатар модель оқытушының рефлексивтік құзыреттілігін күшейтіп, оқу материалын таңдау, құрылымдау, бағалау стратегияларын жанаша тұрғыдан құруға мүмкіндік береді, конструктивтік тұрғыдағы дербес және топтық оқу іс-әрекетін қолдайды. Анализ-синтезге сүйенген бұл модель оқыту үрдісін динамикалық, бейімделгіш, интерактивті сипатқа көшіріп, заманауи білім беру парадигмасындағы пәнаралық интеграцияға негізделген инновациялық әдіс ретінде ұсынылады, сондықтан оның теориялық, әдістемелік және қолданбалы маңыздылығы айқындалды, әрі болашақта көптілді білім беру кеңістігінде модельді бейімдеу мен эмпирикалық валидациялау бағыттары айқындалды.

Түйін сөздер: инновациялық педагогика, синергетикалық модель, құзіреттілікті қалыптастыру, синергетикалы білім мазмұны, дидактикалық жүйе, пәнаралық интеграция.

Қоянбекова С.Б.,^{1*} Бектурганов Ж.М.,² Джамамбетова А.У.³

¹Казахский исследовательский технический университет им. К.Сатпаева,
г.Алматы, Казахстан

²Университет Нархоз, г.Алматы, Казахстан

³Евразийский национальный университет имени Гумилёва Л.Н.
г.Астана, Казахстан

СИНЕРГЕТИЧЕСКАЯ МОДЕЛЬ: ФОРМИРОВАНИЕ КОМПЕТЕНЦИЙ ЧЕРЕЗ АНАЛИЗА ПАРАДИГМ МЕЖДИСЦИПЛИНАРНОЙ КОНСОЛИДАЦИИ В КОМПЛЕКСНОМ ОБУЧЕНИИ

Аннотация

В статье рассматривается синергетический аспект интеграционного обучения в инновационной парадигме образовательной траектории высших учебных заведений. Синергетическое содержание образования определяется как ключевое условие реализации модели обучения, основанной на использовании междисциплинарных учебных текстов, что требует анализа роли различных предметных областей в понимании текста. Опираясь на принципы неустойчивости, нелинейности и открытости синергетики, предлагается синергетическая модель обучения казахскому языку и описываются условия её реализации; синергетика систематизируется как новая парадигма современного образования. Цель исследования – консолидация экспрессивной стилистики казахского языка в междисциплинарном контексте и определение теоретических и практических основ синергетической модели интеграционного обучения. Для достижения цели была систематизирована практика преподавания языка на основе междисциплинарных текстов. Содержательный анализ, сравнительный метод, анкетирование, эксперимент и педагогическое наблюдение подтвердили эффективность синергетической модели и обоснованность инновационных подходов в образовательном процессе. В результате представлена модель, направленная на повышение познавательной активности обучающихся, углубление языковых знаний и развитие функциональной грамотности. Использование цифровых ресурсов и платформ BilimLand и Daryn Online активизирует учебный процесс и расширяет интерактивные возможности. Синергетические методы комплексно развивают когнитивные, эмоциональные и коммуникативные способности обучающихся; междисциплинарное усвоение экспрессивных языковых средств способствует постановке проблем, принятию решений, формированию логического и критического мышления. Модель усиливает рефлексивную компетентность преподавателя и поддерживает конструктивистские формы индивидуальной и групповой деятельности. Основываясь на анализе и синтезе, модель представляется как инновационный метод, ориентированный на междисциплинарную интеграцию в современной образовательной парадигме, а её теоретическая, методическая и прикладная значимость подтверждена; определены перспективы адаптации модели в многоязычном образовательном пространстве и её дальнейшей эмпирической валидации.

Ключевые слова: инновационная педагогика, синергетическая модель, формирование компетентности, содержание синергетических знаний, дидактическая система, междисциплинарная интеграция.

Koyanbekova S.,^{1*} Bekturganova Zh.,² Djamambetova A.³

¹K.Satpaev National Research Technical University, Almaty, Kazakhstan

²Narxoz University, Almaty, Kazakhstan

³Named after L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

SYNERGISTIC MODEL: DEVELOPMENT OF COMPETENCIES THROUGH THE ANALYSIS OF INTERDISCIPLINARY CONSOLIDATION PARADIGMS IN COMPREHENSIVE TRAINING

Abstract

The article examines the synergetic aspect of integrative instruction within the innovative paradigm of higher education learning trajectories. Synergetic educational content is defined as a key condition for implementing a teaching model based on interdisciplinary texts, which necessitates analyzing the role of various subject areas in text comprehension. Drawing on the principles of instability, nonlinearity, and openness inherent in synergetics, a synergetic model for teaching the Kazakh language is proposed, and the conditions for its implementation are described. Synergetics is systematized as a new paradigm of contemporary education. The aim of the study is to consolidate the expressive stylistics of the Kazakh language within an interdisciplinary framework and to determine the theoretical and practical foundations of a synergetic model of integrative teaching. To achieve this aim, the practice of language instruction through interdisciplinary texts was systematized. Content analysis, comparative methods, surveys, experiments, and pedagogical observation confirmed the effectiveness of the synergetic model and validated innovative approaches in the educational process. The study proposes a model designed to enhance learners' cognitive engagement, deepen linguistic proficiency, and foster functional literacy. The use of digital resources and platforms such as BilimLand and Daryn Online activates the learning process and expands interactive opportunities. Synergetic methods holistically develop learners' cognitive, emotional, and communicative abilities, while interdisciplinary acquisition of expressive linguistic means promotes problem formulation, decision-making, and the development of logical and critical thinking. The model also strengthens the teacher's reflective competence and supports constructivist approaches to individual and group learning activities. Grounded in analysis and synthesis, the model is presented as an innovative method based on interdisciplinary integration within the modern educational paradigm. Its theoretical, methodological, and applied significance is substantiated, and prospects for future adaptation and empirical validation in multilingual educational environments are identified.

Keywords: innovative pedagogy, synergetic model, formation of competence, synergetic content of knowledge, didactic system, interdisciplinary integration.

Кіріспе. Заманауи білім берудегі педагогика ғылымының басым бағытында білім алушыға кәсіби дағдыларды ғана меңгерту емес, сондай-ақ оның қалыптасқан білім қорында жылдам өзгеріп жатқан әлеуметтік, технологиялық жағдайларға бейімделу дағдыларын қалыптастыру көзделеді. Бұл өзгерістер жоғары білімнің дәстүрлі модельдерінің шектеулі екендігін айқындап, инновациялық әдістерді белсенді енгізу қажеттігін дәйектейді. Кез-келген білімнің тіл арқылы берілетініне сүйенсек, ұлттық тіліміздегі ақыл ой-өрісінің кешенді ғылым салаларымен тоғысуы білім берудегі жаңа парадигмаларды негіздейді. Педагогикалық мақсаттарды жүзеге асыруда кәсіби біліктілікпен тілдік экспрессияның консолидациялануы білім беруде интеграциялық әдістерді енгізіп, синергетикалық модельдерге бейімделген ғылыми жаңа парадигмаларды негіздейді. ЖОО-нда соңғы 5-6 жылда адамның бүкіл өміріне жететін білім, білік, дағдыларды бере алмайтыны және оны жүзеге асыру қазіргі тез өзгермелі, тұрақсыз, ақпараттық қоғамда мүмкін еместігі белгілі болды. Осыған байланысты университеттік білім де өз мазмұны мен тұрпатын өзгерте бастағаны мәлім. Университет бітірушіге қажетті базалық нақты кәсіби және пәнаралық білімдермен бірге, өмір бойы оқуына, заманның талаптарына сай кәсіби икемделіп, өзін-өзі дамытып отыруына қажетті білік, дағдыларды дамытуды өз мақсаты етіп алды. Бұл саланы зерттеуші ғалымдар қатарындағы Л.С.Выготский еңбегінде балалар психологиясы мен оқытудың әлеуметтік аспектілері кеңінен зерттелген. Пәнаралық интеграция мен білім беру жүйесін модернизациялау В.И.Зазнобин көзқарасында интеграциялық оқыту әдістемелерін дамытуға ықпал еткен. Ал А.А.Вербицкий пікірінде оқыту технологиялары мен әдістемесі бойынша маңызды мәселелер қарастырылып, интеграциялық және синергетикалық тәсілдерді енгізу ұсынылған. С.Т.Касымов еңбегіндегі зерттеулерде оқу үдерісіндегі пәнаралық байланыстар дамытылып, білім беру бағдарламаларын құзыреттілікке бағыттау туралы қорытынды

тұжырылған. Е.А.Климов зерттеуінде оқыту мен тәрбиелеу жүйесін синергетикалық тұрғыдан қарастыру маңыздылығында оқытудағы жаңа парадигмаларды енгізу жөніндегі зерттеулер қарастырылған. М.А.Дулатов пәнаралық интеграцияның оқу процесіндегі рөлін көрсете отырып, заманауи оқу әдістемелерін зерттеу маңыздылығына тоқталады.

Бұл зерделенген тұжырымдар білім нәтижесі педагогикалық тұрғыдан білім алушыны интеллектуалдық-танымдық өзін-өзі дамыта алатын, алдын-ала болжауға келмейтін кәсіби әрі өмірлік жағдайлардан жол таба алатын, сыни тұрғыдан ойлап, өзіне, өмірге шығармашылықпен қарайтын тұлғаға бейімдеуі керектігін көрсетеді. Мұнда білім алушы оқу процесінің объектісі емес, субъектісіне айналып, өзіндік білім алуы, оны білім алуға үйретуі маңызды бола түсетінін байқатады.

Осы ретте ғылыми қауымдастық постмодернистік кезеңнің заманауи парадигмасы деп таныған жаңа ғылыми бағыт - синергетика өз жемісін бере бастағаны белгілі. Синергетика жаңа пәнаралық ғылыми бағыт ретінде әуелі термодинамика, тектология, кибернетика, жүйелер теориясы, т.б. осы сияқты жаратылыстану ғылым салаларында пайда болғанымен, бүгінгі таңда оның принциптері мен категориялары барлық ғылым салаларында кеңінен қолданыла бастады, соның ішінде тіл білімі мен тілді оқытуға да кеңінен ене бастады. Синергетиканың негізін қалаған ғалымдардың бірі неміс физигі Г.Хакен [1] оны өз бетімен ұйымдасатын жүйе ретінде анықтап, оның жалпы заңдарын немесе ұстанымдарын сипаттай келе, синергетиканың метағылым болу әлеуетіне база назар аударады. Осылайша ол синергетика деген атпен Германияда 1980-жылдары дүниеге келді. Франк тілдес елдерде ол диссипативті құрылымдар теориясы деген атпен және И.Пригожиннің [2] есімімен байланысты болса, АҚШ-та динамикалы хаос теориясы ретінде М.Фейгенбаумның [3] атымен белгілі. Қазақ ғылымы оны синергетика деген атпен қабылдады және бұл бағытта өнімді зерттеу жұмыстары пайда болып жатыр. Бұл парадигмаға сүйенетін болсақ, даму - бұл жүйенің ұзақ уақыт тұрақты жұмыс істеуімен сипатталады. Және ол жүйеде даму барысында хаос тудыратын тұрақсыздықтар (бифуркациялар) пайда болып, соның арқасында жүйе дамудың жаңа тұрақты сатысына (аттрактор) шығады.

Негізгі ережелер. Қазақ тілі экспрессивтік стилін пәнаралық консолидациялау парадигмасы қазіргі таңда оқыту траекториясында өзекті нәтижесімен танылып, жаһандық деңгейде тілдің мәртебесін арттырудағы ерекшелігімен айқындалып отыр. Ұлттық тіліміздің ғасырлар бойы қордаланған бай мұрасын экспрессивтік қолданылу көркемдігін пәнаралық интеграциялау, заманауи білім беру жүйесінің инновациялық талаптарының негізі болып табылады. Сондай-ақ қазақ тіліндегі экспрессивтілік құнарлығын жүзеге асыратын даналық ойлар, мақал-мәтелдер, фразеологизмдердің ұлттық тіл, діл арқылы меңгертіліп, ұлттық құндылықтардың тарихи сабақтастығын тіл мәдениетімен ұштастыруды көздейді. Бұл тілдегі ұлттық брендтің салмақты көріністерін жүйелейді және қазақ тілін интеграциялық оқытудың синергетикалық моделдерін дәйектейді. Қазақ тілін пәнаралық консолидациялаудың маңызы сөйлеу мәдениетін арттырып, шешендік өнерді қалыптастырады. Интеграциялық оқытудың синергетикалық моделденуінде ғылымдардың тоғысуы кешенді сипат алып, тілдегі құндылықтарды пәнаралық байланыспен сабақтастырады. Консолидацияланудың синергетикалық моделі педагогика ғылымында білім алушының жоғары деңгейдегі тілдік құзреттілігін дамытып, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастырудағы басымдықтарын айқындайды.

Материалдар мен әдістер. Кез келген ғылым әлемді қалыптасқан, аяқталған, идеалды жүйе ретінде танып, таныстырғанымен, әлемнің дамуы біртекті емес. Ал бұл - қалыпты жағдайға қарағанда (сызықтық, линейный) оның бейқалыпты жағдайдағы (нелинейный, бейсызықтық, сызықтық емес) механизмі, жүйенің дамуындағы тұрақсыздықтардың пайда болуы және оның ары қарай дамуға әсерін тигізіп, жаңа тәртіптің қалай қалыптасатынын зерттеу қызығырақ болады. Оның дамуы қандай да бір тұрақсыздықтар мен бейқалыпты жағдайлар орын алғанда ғана мүмкін болады. Егер әлем шынымен тұрақты, статикалы жүйе болса, онда адамзат ертеңгі күнді оңай болжап үйренетін еді. Біз өмір сүретін әлемнің барлық салаларында даму

"тұрақсыздық" пен "флуктацияның" арқасында болып жатыр [2,49]. Синергетика осындай тұрақсыздықтардың арқасында пайда болып, өзбетімен ұйымдасатын және нәтижесінде жаңа, оң өзгерістерге әкелетін жүйелер туралы оқытудағы пәнаралық жаңа ғылыми парадигма. Бұл парадигма Е.Н.Князева мен С.П.Курдюмовтың тілімен айтқанда, "күрделі жүйелердің эволюциясы, өз бетімен ұйымдасуы, өзін-өзі басқаруы туралы заңдарға" сүйенеді [4,18].

Бұл өмірдегі құбылыстардың бәріне жүйе, жүйелік белгілер тән деп қарап, оны бір қалыпты жүйе ретінде қарастырып, келген дәстүрлі ғылым өз нәтижесін бергені белгілі. Алайда жүйе біз айтқандай бірқалыпты және идеалды болса, онда жүйенің ертең қалай жұмыс істейтіні де болжамды болар еді, дегенмен, өмірде болжанбайтын, дамуға ықпал етіп жатқан көптеген мысалдар бар. Оған ғалымдар математикадан да, физикадан да, экономикадан да, қаржы нарығынан да т.б. айналадағы құбылыстар мен олардың дамуынан көріп отыр. Қоршаған ортаны тұтас жүйе деп есептейтін болсақ, оның құрамындағы элементтердің арасындағы қандай да бір бейқалыпты жадайлар жүйеге өзгерістер әкеліп, оның салдары жаңа тәртіпке бағынатын жаңа жүйенің қалыптасуына әкеледі.

Егер қазақ тілін зерттеуді және оны оқытуды синергетиканың заңдарына сәйкес құратын болсақ, онда жалпы педагогикаға және педагогикалық процеске жаңа көзқараспен қарау керек болады. М.С.Каганның ойынша, "егер ХХІ ғасырда адам өзін тұлға ретінде сақтап қалғысы келсе, онда педагогика жастарды оқытудағы мұғалімнің рөлін түбірімен қайта қарауы керек...". Құндылықтар жүйесінің қалыптасуы ол ғылым негіздерін игерген сияқты бірқалыпты жүзеге асатын процесс емес, керісінше, нақты идеалдарды, өмірлік қағидаларды, "болашақ өмірдің нақты модельдерін", т.б. таңдаудан тұратын бейқалыпты синергетикалық процесс және ол ғылым негіздерін үйреткеннен бөлек "технологияны" қажет ететін педагогикалық процес екенін мұғалім терең түсініп, оны оқушыларына жеткізе алуы керек [5,22]. Синергетика мәселелерімен айналысқан Е.Н.Князева мен С.П.Курдюмовтың еңбектеріне тоқталар болсақ, олар тұлғаның жан-жақтылығы (универсальность) дегенге де жаңа мән береді. Олардың ойынша, адамның жан-жақтылығы жадыда қанша ақпарат сақтай алғанымен немесе әр пәннен алған білімдердің көлемімен өлшенбейді, ақпараттар ағымына жүйелі көзқараспен қарап, қатаң жеке сүзгіден өткізу - ақпаратқа сыни көзқараспен қарау, өз білімін үнемі әрі үздіксіз толықтырып, одан әрі жетілдіріп отырумен өлшенеді. Ең бастысы - білу емес, қажетті білімдерді қалай табу және оны тез табудың жолын білуде [4,342]. Олай болса, білім берудегі синергетиканың мәні - білім алушы мен берушінің, оқушы мен оқытушының арасындағы қарым-қатынас дайын білімдерді жеткізіп, тасымалдауда емес, - бейқалыпты жағдайдағы ашық диалогта. Бұл дегеніміз - білім алушының өз күш-жігері мен қабілеттерін оята отырып, оны іске қосу арқылы дамудың жолына салуда. Білім берудегі синергетика - бұл ынталандырушы білімді көтермелейді, яғни онда білім алушы өзінің бойындағы мүмкіндіктер мен қабілет көздерді аша отырып, өзімен және өзгелермен ынтымақтастықта жұмыс істейді [2].

Білім беруде синергетика қалыптан тыс ойлауды талап етеді. Өйткені синергетиканың бейқалыптылық категориясына сүйенетін болсақ, білім - ол дайын, аяқталған өнім ретінде ұсынылып, оны қайта жаңғыртуды білдірмейді. Мұндағы білім - оқушының өз білімі, өзі қалыптастырған білімі, оқушының өз бойындағы жаңа мүмкіндіктерді ашып, дамытуы, өз қабілеті мен әлеуетін толық іске асыруы, себеп-салдарлық қарым-қатынастарға бейқалыпты баға беріп, түсіндіре алуы. Ол үшін оқу процесінде білім алушы білімді өзі тауып, өзі қалыптастыруға мүмкіндік беретін, белсенділікке әрі шығармашылыққа жетелейтін білім алу жағдайы жасалуы шарт. Ол түрлі жанрдағы мәтіндер, проблемалық тапсырмалар мен сұрақтар арқылы қалыптасатын бейқалыпты оқу жағдаяттары орын алғанда мүмкін болады.

Ғалым М.Т.Рахматуллиннің пікірлеріне сүйенетін болсақ, мұндай жағдайда оқу процесі синергетиканың заңдары бойынша іске асады, өйткені оқу процесі - ол өзбетімен ұйымдасатын дидактикалық жүйе болып саналады [7]. Ғалымның пікірлеріне сүйенсек, оқу процесі оқушыны тұрақты және тұрақсыз жағдайға қоя отырып, білім алушыны өзгертуге бағытталатын оқушы мен оқытушының өзара келісілген және біріккен әрекеті болып табылады. Оқу процесі өзбетімен ұйымдасатын күрделі дидактикалық жүйе болып табылады.

Синергетикалық модель мен интеграциялық оқыту мәселесін зерттеу кезінде қолданылатын әдістер мен тәсілдер әртүрлілігімен ерекшеленеді. Атап айтқанда пәнаралық консолидациялау парадигмаларын талдау үшін төмендегідей зерттеу әдістерін қолдану тиімділік танытады. Мысалы, мета-талдау әдісінің мақсатында әртүрлі зерттеулердің нәтижелерін жинақтап, синергетикалық модельдердің тиімділігін бағаланады. Бұл қолданылу барысында ретроспективтік зерттеулерді талдай отырып, интеграциялық оқытудағы жаңа трендтерді анықтайды. Эксперимент нәтижесінде оқытушылар мен студенттердің көзқарастарын және тәжірибелерін жинақтау мақсаты орындалады. Қолданылу кезеңінде тұжырымдама, әдістемелер және олардың тиімділігі туралы пікірлер жинақталып, зерттеледі.

Интеграциялық оқыту әдістерінің практикалық тиімділігін тексеруде эмпирикалық зерттеулер мақсаты жүзеге асады. Оқыту процесінде нақты жағдайларда пәнаралық консолидация әдістерінің қолданылуын бақыланады. Модельдеу мақсатында әртүрлі факторлардың оқытудың интеграциялық моделіне әсері анықталып, деректер негізінде математикалық немесе ақпараттық модельдер құрылады. Контент-анализ барысында пәнаралық пәндер бойынша материалдардың сәйкес келуін, конвергенциясын зерттеледі. Оқулықтар мен оқу құралдарындағы теориялық және практикалық мазмұн талданып, жүйеленеді. Сұхбат әдісінің мақсатында тәжірибелі мамандармен терең әңгіме өткізіледі және оқытудың сапасы мен әдістері, пәнаралық консолидациядағы қиындықтар туралы тұжырымдар жасалады. Кейс-стадиялар мақсатында жеке оқу жағдайларын немесе жобаларын терең түсініп, нақты пәндер мен олардың интеграциялық тәжірибелері зерттеледі. Талдау мен синтезде тәжірибелік нәтижелер мен теориялық тұжырымдар біріктіріліп, талдау жүргізу арқылы жаңа білім мен құзіреттіліктерді қалыптастыру көзделеді.


Қорыта айтқанда, интеграциялық оқытуда пәнаралық консолидациялау парадигмаларын талдау барысында қолданылатын әдістердің кешенділігі, зерттеу үрдісінің тереңдігі мен жан-жақтылығын қамтамасыз етеді. Бұл әдістер синергетикалық модельдің практикалық нәтижелерін тиімді әрі нәтижелі бағалауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер мен талқылау. Педагогикадағы дидактикалық жүйенің басты құрылымдық бөліктеріне оқу мақсаты, оқу мазмұны, оқу формасы мен құралдары, оқыту мен оқу - оқу процесі субъектілерінің нақты уақыт пен кеңістікте келісілген және біріккен іс-әрекеті, олардың біріккен және келісілген іс-әрекетін сипаттайтын оқу процесінің дидактикалық шарттары, оқу нәтижелері - оқу барысында білім алушылардың қолжеткізген білік, дағдылары кіреді. Оның басты компоненті оқытушы мен білім алушының өзара келісілген және біріккен әрекеті болып табылады. Мұндай дидактикалық жүйеде білім алушы білімді екі арна арқылы қабылдайды. Біріншісі жеке пәндер арқылы, екіншісі өмірден, яки практика арқылы (1-сурет). Оқу процесінде осы екі арнадан келген білімдер қайшылыққа түседі. Қайшылықтар көбейген сайын білімдердің қайшылықтары ұлғайып, бейқалыпты жағдай орын алады, тұрақсыздық пайда болады. Осылайша, осы екі арна арқылы алынған білімдер арасында тепе-теңдік пайда болған жағдайда дидактикалық жүйеде бифуркация орын алады. Жүйенің одан әрі дамуы қай аттракторды, яки бағдарлама мақсатын таңдауына қарай оқу нәтижесі айқындалады. Жүйенің қандай да бір аттракторды таңдауы оның құрылымды бөліктерінің арасындағы қарым-қатынасқа және сыртқы әсерлерге байланысты. Демек, жүйенің, білім алушының одан әрі тиімді дамуы мұғалім мен білім алушының бірлескен іс-әрекеті қаншалықты ойластырылғандығына қарай анықталады. Осылайша, синергетиканың талаптарына жүгінетін болсақ, мұғалімнің міндеті білім алушыны тұрақты жән тұрақсыз жағдайға қою, соның нәтижесінде оның бойында жаңа білімдер мен дағдылардың пайда болуына әкелетіндей білім алушымен өзара бірлескен және келісілген іс-әрекетті ұйымдастыру болып табылады. Оқу процесі синергетика тұрғысынан қарайтын болсақ, өзі бейқалыпты процесс болып саналып, дидактикалық жүйенің тұрақсыздығына әкеледі.

М.Т.Рахматуллиннің тұжымдауында, синергетика негізге алатын өзіндік ұйымдасу туралы теорияға сүйенетін болсақ, педагогикада дидактикалық жүйені бұл аспектіде қарастыру

дамудың жалпы қарқынын арттырады. Оның ойынша, күрделі жүйенің жалпы даму қарқыны оның құрамдас бөліктерінің дамуынан артық болады. Сол себепті де, оқу топтарын құруда білім деңгейлері мен бейіндері әртүрлі адамдарды аралас отырғызу тиімді болатынын айтады. Сондай-ақ, оқу процесін синергетика заңдарына сәйкес ашық жүйе деп қарайтын болсақ, оны іске асыруды оқу-әдістемелік кешендермен, ақпараттық технологиялармен қамтамасыз ету шарт, өйткені білім алушы білімді осылар арқылы алады.

Сонымен бірге, оқу материалдарының құрылымын оқу процесінің логикасына сәйкестіндірмей ұсыну да тұрақсыздыққа әкеледі. Осыған байланысты ғалым жаратылыстану циклінің оқу материалдарын іргелі ғылыми теориялардың мазмұнымен, ал оның берілуін осы теориялардың құрылу логикасына сәйкестендіріп беруді физика пәнін оқытудың үлгісінде ұсынады. Ғалымның бұл жердегі басты назар аударатын идеясы да осында - физиканы жаратылыстану ғылымдарымен тұтастықта алып, пәнаралық байланысты синергетика заңдарын жүзеге асырудың басты шарты ретінде қарастырады. Осылайша, құрылған білім мазмұны синергетикалық білім мазмұнын құрайды. Бұл жерде синергетикалық білімдер деп "таным процесінің өзіндік ұйымдасып, одан әрі дамуға ықпал ететін ұғымдар, заңдар, ұстанымдар, әдістер мен теориялар, әлем картинасы туралы пәнаралық білімдерді айтамыз" [7,93] дейді ғалым. Ғалымның тұжырымында жалпы синергетика заңдарына құрылған дидактикалық жүйенің моделін көрсетіп, оны өз зерттеулерінде физиканы оқыту үлгісінде көрсетеді. Осы модельге сүйенетін болсақ, қазақ тілін оқытудың синергетикалық моделін ұсыну Алматы технологиялық университеті Мемлекеттік және шет тілдерін оқыту институтының студенттерімен өткізілген эксперимент нәтижесі бойынша төмендегідей сипат алады (1-сурет):



1-сурет. Қазақ тілін оқытудың эксперименталды синергетикалық моделі

Бұл модельге сүйенетін болсақ, тілді оқытуға синергетикалық білім мазмұнын басшылыққа алу маңыздылығы көрінеді және өз алдына мынадай міндеттерді қояды:

1. Синергетикалық оқытудың басты дидактикалық шарты ретінде қазақ тілін пәнаралық консолидациялау және интеграциялық оқытуда білім мазмұнын синергетикалық біліммен қамтамасыз ету. Білім мазмұнын зерттеуді және оны оқытуды өзге филологиялық және филологиялық емес пәндермен байланыста, тұтастықта қарастыру.

2. Қазақ тілін оқытуда білім алушы мен берушінің арасындағы қарым-қатынасқа негіз болатын басты құрал - мәтін болса, мәтіннің синергетикалық табиғатын кешенді түрде қарастыру маңызды болмақ.

3. Қазақ тілін оқытуды синергетиканың заңдарына сәйкес құрудың арнайы технологиясын қарастыру. Бұл енді тілді оқытудың әдіснамасынан гөрі, көбірек әдістемелік мәселе.

Қазақ тілін пәнаралық консолидациялау және интеграциялық оқытудың синергетикалық моделін іске асырудың басты шарты - білім алушыларды синергетикалық білім мазмұнымен қамтамасыз ету болып табылады. Синергетикалық білімдер деп таным процесінің өз бетімен ұйымдасып, одан әрі дамуына ықпал ететін ұғым-түсініктер, әдістер мен теориялар, әлем картинасы туралы пәнаралық білімдерді айтамыз [8]. Синергетикалық білімдер оқу процесінің синергетика заңдарына сәйкес өтуін қамтамасыз ете алады. Қазақ тілін оқытуда синергетикалық білімдер оқуға ұсынылатын мәтіндер мен шығармалар арқылы өз шешімін табатыны белгілі. Және ол оқуға ұсынылатын мәтіндерге, оқу материалдарына да жаңа ракурстан қарауды талап етеді. Ол ракурс - тілге дайын мәтін, сөз немесе шығармалардың жиынтығы түрінде емес, тілді де өзбетімен ұйымдасатын жүйе ретінде назарға алу, яғни тілдің әуел бастағы синергетикалық болмысы мен табиғатына назар аударуға негізделеді. Тіл нысандарын "не - қалай - неліктен" деген сұрақтардың позициясынан қарайтын болсақ, "неліктен" деген сұраққа жауап іздеу тілді зерттеуде және тіл сабақтарында синергетика ұстанымдарын жүзеге асыруға негіз болады және ол сұрақтың жауабы тек қана тілдік білімдермен шектелмейтіні кәміл. Ол үшін тілдік және тлдік емес, филологиялық және филологиялық емес пәндердің материалдарына жүгінеміз (1-кесте).

1-кесте. Интеграциялық оқыту жүйесінде құзіреттілікті қалыптастыру

Жаратылыстану бағытындағы пәндер	Филологиялық пәндер
психология, философия, география, Қазақстан тарихы, саясаттану, құқытану, экономика, экология, этнография	стилистика, когнитивтік лингвистика, психоллингвистика, әлеуметтік лингвистика, этнолингвистика, лингвосинергетика, лингвомәдениеттану, прагматилистика, тіл тарихы, тіл мәдениеті, әдебиеттану

Себебі мәтіндегі контекст, дискурс, концепт сияқты көзге көрінбейтін ұғымдарды, тіпті кейбір тіл бірліктерінің нақты контекстегі мінезін бір пәнмен түсіндіру мүмкін емес, сол себепті де бұл ұғымдарға пәнаралық мазмұн тән болып келеді [7]. Пәнаралық байланыс - бұл алға қойылған күрделі мәселелерді шешудегі ғылымдардың ынтымақтастығы деп қарастыруға болады. Мысалы, "дискурс" ұғымын "құрылымдық тіл білімі" аясында толық түсіндіру мүмкін емес. Ол үшін коммуникативтік лингвистиканың білімдеріне жүгіне отырып, оны әлеуметтік-мәдени аспектіде, тілдік және экстралингвистикалық факторларды ескере отырып, түсіндіру қажет болады. Нәтижесінде дискурстың экстралингвистикалық, прагматикалық, когнитивтік және әлеуметтік мәдени факторлардың жиынтығынан құралатын мәтін екенін біле аламыз. Осылайша, дискурс - бұл қарым-қатынас теориясы, прагматика, әлеуметтану, мәдениеттану сияқты бірнеше ғылымның ынтымақтастығы нәтижесінде зерттелетін пәнаралық ұғым деуге болады. Сол сияқты "концепт" ұғымын да бір ғылыммен түсіндіру аз болады. Ол үшін когнитивтік тіл білімімен қатар, лингвомәдениеттанудың да материалдарына жүгіну қажет. Когнитивтік тіл білімі тұрғысынан концепт "концептуалдық жүйенің бірлігі" ретінде түсіндірілсе, лингвомәдениеттануда ол "вербалданған мәдени ақпарат" ретінде зерттеу нысанына алынады. Осылайша "концепт" ұғымын түсіндіру үшін бір ғана тілдік білімдер емес, сонымен қатар, тілдік әрі менталды құрылымдарды, ұлттық мәдениет пен әлеуметтік-мәдени контексті түсіндіретін лингвистикалық және экстралингвистикалық білімдерді, психология, когнити-

вистика, әлеуметтану, мәдениеттану салаларына қатысты білімдерді білу аса қажет. Сол себепті де "концепт" ұғымы сөзсіз пәнаралық ұғым болып табылады.

Лингвистика салаларының ішінде стилистика тілдің ішкі салаларымен қатар (фонетика, морфология, лексика, синтаксис), функционалды стилистика, мәтін стилистикасы, көркем әдебиет стилистикасы сияқты бағыттары пәнаралық байланысқа негізделген көпқырлы ғылым саласы болып табылады. Бүгінде стилистика тіл бірліктерінің стилистикасымен қатар, мәтін, тұтас шығарма, дара стиль, автор бейнесі, авторлық баяндау сияқты т.б. күрделі мәселелермен айналысып, өз ішінде прагматистика, экспрессивтік стилистика, мәтін стилистикасы сияқты бағыттарға тарамдалған және өз талдауларында әдебиеттану, философия, психология, мәдениеттану, әлеуметтану сияқты ғылымдардың материалдарына жүгінетін үлкен пәнаралық ғылым саласына айналғаны белгілі. Мәтін мен стильдің өзі өзара пәнаралық тығыз байланыстағы ұғымдар болып саналады.

Сол сияқты когнитивтік тіл білімі де лингвистика мен когнитивистиканың байланысында пайда болып, өз талдауларында тілдік білімдермен қатар, тілдік емес - психология, философия, ақпараттар теориясы, физиология, биология сияқты ғылымдардың материалдарын, тәжірибесін пайдаланады. Психология мен лингвистикаға келген "когнитивтік революция" мәтін туралы түсініктің пәнаралық мазмұнын тереңдетіп, оның зерттелу аясын кеңейтті [7]. Мәтін мәдени, риторикалық, әлеуметтік т.б. көптеген ақпараттардың ортасы екені ескеріле бастады. Онда тілдік, стилистикалық бірліктермен бірге, когнитивтік-прагматикалық, экстралингвистикалық көрсеткіштердің болуы, сонымен қатар оның кәсіби бағдарланып жасалуы мәтінді мәдени, когнитивті әрі әлеуметтік, дискурстық мәнді бірлікке айналдырды.

Осы сияқты басқа да адамтану ғылымдарының интеграциясынан пайда болған психолингвистика, әлеуметтік лингвистика, этнолингвистика, лингвомәдениеттану сияқты филологиялық пәндердің болмысына пәнаралық сипат тән болып келеді. Осыған қарап, пәнаралық байланыс қазіргі ғылымдар үшін үрдіс қана емес, ғылымның жүйе ретінде дамуының әдіснамалық ұстанымына айналғанын көруге болады.

Жаңа бағыт ретінде лингвосинергетика да тілді синергетиканың заңдарына сүйене отырып, тілді өзіндік ұйымдасатын ашық жүйе ретінде, объективті тілден гөрі, субъективті тілдің ұйымдасуы, жүзеге асуы, дара стильді тану, сол арқылы тілдік жүйенің дамуы туралы білімдерді қарастырады.

Сондай-ақ, филологиялық білімдердің енді қалыптаса бастаған тіл мәдениетімен байланысты лингвоэкология сияқты гуманитарлық білімдер саласына да назар аударған жөн. Лингвоэкология - тіл мәдениеті, валеология және эмотиология сияқты пәндердің тоғысында пайда болып, қалыптасқан сала. Ол сөздің сөйлеу барысында, қарым-қатынаста, мәтінде қолданылу сапасына мән береді. Бұл пәндердің байланысын ескеру білім алушылардың пәнаралық құзыретін (метапредметтік) қалыптастыруға мүмкіндік береді. Пәнаралық құзырет дегеніміз "тілдік тұлғаның тез өзгермелі өмірге, ортаға бейімделіп, іс-әрекет етуі, жұрт алдында сөйлегенде және жеке дара қарым-қатынаста рөлін ауыстырып отыру қабілеті" дейтін болсақ, тіл мәдениеті, қарым-қатынас мәдениеті, стилистика прагматикамен, сол арқылы риторикамен де байланысқа түседі.

Қорытынды. Қорыта келгенде, тіл - адамның сөйлеуімен байланысты шығармашылық туындысы болғандықтан да, адам туралы ілімдердің бәрімен табиғи байланысқа түсіп, педагогикада кең ауқымды қарастырылады. Сол себепті де олардың қарастыратын мәтін, стиль, дискурс, тілдік тұлға, дискурсты тұлға сияқты ұғымдарға да пәнаралық мазмұн тән болып келеді. Бұл ұғымдарға когеренттілік (байланыс, бірігу), яғни сансалалық тән болып келеді. Сәйкесінше, жаңа филологиялық ғылымдардың пайда болуына серіктес болған ғылымдар өз алдына филологиялық емес ғылымдар тобын құрап, тілді зерттеуде және педагогикамен интеграцияда адам, қоршаған орта, мәдениет, қоғам туралы білімдердің бай көзін құрайды. Сондай-ақ, оқытуға және тілді зерттеуге кешенді түрде келіп, оқу сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Пәнаралық байланысқа басымдық беру оқу процесінің әдіснамасы мен білім дискурсының өзгергенін білдіреді. Яғни кәсіби профессионализм біртектес - монопрофессионализм болудан

калып, мазмұнын өгертті Пәнаралық байланысты синергетиканың ұстанымдарын басшылыққа алуда ұлтымыздың ақыл-ой өрісінің өлшемі ұлттық құндылықтармен ұштастыру өзекті болып табылады [8]. Бұл бір жағынан, жаңа тілдік зерттеулерге мол мүмкіндік берсе, практикалық жағынан тілді оқытуда негізгі тілдік материал - мәтінді пәнаралық байланыс аспекті тұрғысынан басты назарға алуды талап етеді. Себебі заманауи технологиялардың ұлттық мәдениетпен үйлестірілуі ұлттық тілді сақтау мен дамытудың негізі болып табылады. Тіл оқыту әдістемесінің ұлттық құндылықтарға негізделуі жаңа Қазақстанның рухани жаңғыруы мен ұлттық бірегейліктің нығаюын жүзеге асырады. Бұл өз кезегінде ЖОО-дағы қазақ тілі курсына, әсіресе орта және ортадан жоғары деңгейдегі топтардың сабақтарына инновациялық парадигмаларды енгізіп, жаңа мазмұн беретіні анық.

Қазіргі қазақ тілі мен тіл тарихы, стилистика, лингвомәдениеттану, шешендіктану, этнолингвистика, психолингвистика, әлеуметтік лингвистика, текстология, дискурсология сияқты пәндердің білімдерін педагогикада кешенді пайдаланбайынша, білім алушылардың тілдік, лингвистикалық, коммуникативтік, мәдениетаралық құзыреттерін қалыптастыру толық мүмкін болмайды. Мәтінтану, коммуникативтілік, әлеуметтік-мәдени, мәдениетаралық құзыреттіліктер пәнаралық интеграциялану нәтижесінде кешенді білімдер арқылы іске асырылады. Пәнаралық байланыс әр пәннің қазақ тілін оқытудағы маңыздылығын арттыра отырып, гуманитарлық білімдердің мазмұнын тереңдетіп, оқу процесінің танымдық мазмұнын арттыра түседі. Сондай-ақ, білім алушылардың да белсенділігін арттырады: оқу процесіне қатысушылардың арасында өзара қарым-қатынасты жандандырып, диалогқа жол ашады. Ең бастысы - рефлексияға мүмкіндік береді, өйткені тек интеграцияланған ғылыми білімдер ғана студенттердің шындық өмірдің бейнесін тұтастықта көруге, тұтас кәсіби-педагогикалық іс-әрекетті қамтамасыз етуге көмектеседі. Бұл ретте филологиялық емес пәндердің де маңыздылығына назар аударған жөн.

Тілді зерттеудегі жаңа парадигма оны оқытуға да жаңа міндеттер қояды. Бұрынғы тілдік зерттеулер тіді "тұйықталған", ішкі жүйені зерттеуге құрылып, оны оқыту да соған негізделсе, қазіргі үрдіс оны өзге ғылымдармен интеграцияландырып, филологиялық және филологиялық емес ғылымдармен тұтастықта қарастыруды талап етеді. Бұл аспекті тілді өзгермелі, бейқалыпты жүйе ретінде сипаттап, тілдік тұлға-бірліктердің "мінезін" мәтін контекстінде, дискурста тануға, сол арқылы тілді оқытуды өзіндік ұйымдасатын жүйеге - процеске айналдыруға, сондай-ақ тілді оқытуды университеттік білім беру мақсат-міндеттерімен үйлестіруге мол мүмкіндіктер береді.

Қазіргі білім беру жүйесінде қазақ тілін оқытудың тиімділігін арттыру үшін пәнаралық тұрғыдан интеграцияланған тәсілдер қажет. Бұл зерттеу қазақ тілін басқа пәндермен және цифрлық технологиялармен үйлестіру арқылы оқытудың синергетикалық әсерін қарастырады. Пәнаралық консолидация – тілді оқытудың сапасын арттырудың, ал интеграциялық тәсіл – оқу үдерісін жан-жақты дамытудың маңызды факторы болып табылады. «Синергетикалық модель — қазақ тілін оқытуда түрлі пәндермен (тарих, әдебиет, психология, цифрлық технологиялар және т.б.) тығыз байланыс орнатып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған жүйелі тәсіл» [9]. Ұлттық төл тарихымызды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін тілімізді кластерлік бәсекелестікте синергетикалық тұрғыдан зерттеп, инновациялық заманауи парадигмаларда салыстыра қарастыру, нәтижелерін білім беру траекториясына енгізу өзектілік танытады. Білім алушыларға ұлттық тіліміздегі ақыл-ой өрісіне негізделген құнарлы сөз оралымдары, даналық-шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, қазақ халқының рухани генезисін, тілін, ділін, тарихи жадына бейімделген тұтас болмысын танытатын ұлттық кодтың тылсым қырларын пәнаралық консолидациялаумен кіріктіру қажет» [10].

Педагогикада синергетикалық модельдерді қолданудың мүмкіндіктері білім беру процесінің интеграциясын арттырып, білім алушыларды креативті ойлауға, өздігінен синектикалық ізденуге ынталандырады. Бұл парадигмалар білім алушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытып, ұжымда тез кірігуге, өзгермелі әлемге бейімделуге баулиды. Педагогикадағы синергетикалық тәсілдер оқу белсенділігін арттырып, білім беру саласын инновациялық инклюзивті деңгейге

көтереді. Ал қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының пәнаралық консолидациялануының синергетикалық моделін құруда төмендегідей ұстанымдар оқыту үдерісінде негізге алынуы қажет:

- Тілді мәдениеттану құралы ретінде танып, педагогикада білім алудың қайнар көзі ретінде қолдану арқылы когнитивтік дағдылардың дамыту;
 - Пәндердің өзара интеграциялық байланысы негізінде қызығушылықты арттыру;
 - Тілдік және пәндік білімдерді консолидациялау барысында инновациялық ойлау дағдыларын қалыптастырып, шығармашылық, сын ойлауды дамыту;
 - Пәнаралық консолидациялауда цифрлық құралдарда белсенді пайдалану;
 - Интерактивті платформаларды дайындау нәтижесінде виртуалды зертханалар, онлайн-курстар өткізу ;
 - Ойын элементтерін геймификация пайдалану, интеграциялық оқытуды дамыту.
- Нәтижесінде қазақ тілін пәнаралық консолидациялау және интеграциялық парадигмалармен оқыту білім берудің мазмұндық сапасын арттырып, ұлттық тілдің дамуына ықпал етеді.

Ұсынылып отырған зерттеу мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті ИРНАР 23489363 «Цифрлық технология: қазақ тілі экспрессивтік стилистикасын пәнаралық консолидациялау және интеграциялық оқытуды синергетикалық модельдеудің web-платформасы» ғылыми жобасы негізінде орындалып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Хакен Г. Наука о структуре: Синергетика. Нью – Йорк. -1984. - С. 255
2. Пригожин И. Конец определенности. Время, хаос и новые законы природы. Ижевск. -2001. - С.208// Ламзин С.А. Синергетика как новая научная парадигма для обучения иностранным языкам. Педагогические науки. №1, 2015. С.32-34.
3. Фейгенбаум М. Количественная универсальность для класса нелинейных преобразований. - Нью-Йорк.-1978.С. - 52
4. Князева Е.Н. Курдюмов С.П. Основания синергетики. СПб.-2002. С.414
5. Каган М.С. Эстетика и синергетика // Серия «Symposium» Эстетика сегодня: состояние, перспективы. Выпуск 1/Материалы научной конференции. 20-21 октября 1999 г. Тезисы докладов и выступлений Санкт-Петербурга: Санкт-Петербургское философское общество. - 1999. - С.40-42
6. Князева Е.Н. Трансдисциплинарность синергетики: следствия для образования / Князева Е.Н., Курдюмов С.П.//Синергетическая парадигма. Человек и общество в условиях нестабильности. - М: Прогресс-Традиция. - 2003
7. Рахматуллин М.Т. Процессуальная сторона синергетических знаний при обучении школьному курсу физики// Вестник ЧПГУ 5, 2010. - С.150-159
8. Ibraimova L., Koyanbekova S., Ryskulbek D., Moldagali B., Serikova S. - Exploring National Brands in the Field of Education: The Case of Kazakhstan <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85162957037&origin=recordpage>
9. Қоянбекова С.Б. Экспрессивтік стилистика: қазақ тіліндегі фразеологизмдердің ұлттық кодтағы лингвомәдени парадигмалары. Алматы.-2024. - С. 15

References:

1. Haken G. Nauka o strukture: Sinergetika. -N'yu-Jork. -1984. - P.255
2. Prigozhin I. Konec opredelennosti. Vremya, kaos i novye zakony prirody. -Izhevsk. 2001- S.208//Lamzin S.A. Sinergetika kak novaya nauchnaya paradigma dlya obucheniya inostrannym yazykam. Pedagogicheskie nauki. №1. - 2015. P.32-34
3. Fejgenbaum M. Kolichestvennaya universal'nost' dlya klassa nelinejnyh preobrazovanij. - N'yu-Jork. - 1978. -P.52.
4. Knyazeva E.N. Kurdyumov S.P. Osnovaniya sinergetiki. SPb. - 2002. - P.414
5. Kagan M.S. Estetika i sinergetika //Seriya «Symposium», Estetika segodnya: sostoyanie, perspektivy. Vypusk 1/ Materialy nauchnoj konferencii. 20-21 oktyabrya 1999 g. Tezisy dokladov i vystuplenij Sankt-Peterburg: Sankt-Peterburgskoe filosofskoe obshchestvo. - 1999. - P.40-42
6. Knyazeva E.N. Transdisciplinarnost' sinergetiki: sledstviya dlya obrazovaniya / Knyazeva E.N., Kurdyumov S.P.//Sinergeticheskaya paradigma. SChelovek i obshchestvo v usloviyah nestabil'nosti. - M.:Progress-Tradiciya. - 2003
7. Rahmatullin M.T. Processual'naya storona sinergeticheskikh znaniy pri obuchenii shkol'nomu kursu fiziki// Vestnik CHPGU 5. - 2010. - P.150-159

8. Ibraimova L., Koyanbekova S., Ryskulbek D., Moldagali B., Serikova S. - Exploring National Brands in the Field of Education: The Case of Kazakhstan <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85162957037&origin=recordpage>

9. Koyanbekova S.B. *Ekspressivtik stilistika: kazak tilindegi frazeologizmderdin ulattyk kodtagy lingvomadeni paradigmalary.* – Almaty. – 2024.-P.15.

IRSTI 14.43.47

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.88.4.007>

Duisenbayev A.,^{1*}  Baidaliyev D.,¹  Tokzhanova A.,² 
Kurgambekov M.,²  Bazargaliev G.³ 

PROBLEMS OF RAISING CHILDREN IN THE ETHNOPEDAGOGY OF THE KAZAKH AND BASHKIR PEOPLES

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²K.Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan

³Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Kazakhstan

Abstract

The authors of the article consider the means and methods of education, folk experience and pedagogical heritage of folk pedagogy in the education of an ethnos subject in the ethnopedagogy of the Kazakh and Bashkir peoples. At the same time, the comparative aspect describes in detail the foundations of the cultural identity of ethnic groups, their connection with history, language, traditions, customs, religious beliefs, as well as its role in the upbringing of the individual. In the history of the education of the Kazakh and Bashkir peoples, noble spiritual values and educational heritage that have developed over the centuries constitute enduring rules and principles that are passed down from generation to generation, strengthen the virtues of the individual, generate a wise way of life of the people. Ethno-cultural heritage is the golden core of personality education. On its basis, mutual harmony and spiritual connection of peoples in the upbringing of their generation is strengthened. Consequently, a person brought up in this way is characterized as a person who reveres Turkic culture and virtue.

Keywords: personality education, mentality, spiritual values, humanism, ethno-cultural education, Turkic culture.

А.Қ.Дүйсенбаев,^{1*}  Д.Д.Байдалиев,¹  А.М.Токжанова,² 
М.С.Кургамбеков,²  Ф.Б.Базарғалиев³ 

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

²Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

³Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ БАШҚҰРТ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЭТНОПЕДАГОГИКАСЫНДАҒЫ БАЛА ТӘРБИЕСІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Мақаланың авторлары қазақ және башқұрт халықтарының этнопедагогикасындағы этнос субъектісін тәрбиелеудегі халық педагогикасының тәрбие құралдары мен әдістерінің, халық тәжірибелері мен тәлімдік мұрасына тоқталады. Сонымен қатар салыстырмалы тұрғыдан этностардың мәдени сәйкестігінің негізі тарихы, тілі, салт-дәстүрі, ғұрып-әдеті, діни сенімдерімен байланысы туралы жан-жақты сипатталып, оның тұлға тәрбиесіндегі роліне тоқталған. Қазақ және башқұрт халықтарының тәрбие тарихында замандар бойы қалыптасып келген асыл рухани құндылықтары мен тәрбие мұралары ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жататын, тұлғаның ізгілік қасиетін нығайтып, халықтың даналық өмір салтынан туындап отыратын бұлжымас ережелер мен қағидаларды құрайды. Этомәдени мұралар тұлға тәрбиесінің алтын дінгегі болып табылады. Оның негізінде халықтардың өз ұрпағын тәрбиелеудегі өзара үндестігі мен рухани байланысын нығайта түседі. Демек, осындай тәрбиені бойына сіңірген тұлға түркілік мәдениетті, түркілік ізгілікті қастерлейтін кәміл адам дәрежесінде сипатталады.

Түйін сөздер: тұлға тәрбиесі, менталитет, рухани құндылықтар, ізгілік, этномәдени білім, түркілік мәдениет.